

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ
ЖАЙ-КҮЙІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

**ТЕХНИЧЕСКИЙ НАДЗОР ЗА СОСТОЯНИЕМ
ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ**

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және
жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕГЕН: «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, ҚР БҒМ «ҚарМТУ» РМҚК

2 ҰСЫНҒАН: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы

**3 БЕКІТІЛІП,
ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 шілдеден бастап, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 қыркүйектегі №110-НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістермен

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАН: АО «КазНИИСА», РГКП «КарГТУ» МОН РК

2 ПРЕДСТАВЛЕН: Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

**3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН
В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года, с внесенными изменениями приказом председателя Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 15 сентября 2016 года №110- НҚ

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
4 ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АТҚАРУ	7
4.1 Ғимараттар мен имараттардың жағдайын техникалық қадағалау жүйесінің мақсаты мен қызметі.....	7
4.2 Ғимараттар мен имараттардың жағдайын техникалық қадағалауды ұйымдастыру .7	
4.3 Пайдалану үрдісі кезінде ғимараттар мен имараттардың жағдайын техникалық қадағалау	9
4.3.1 Құрылыс құрылымдары жағдайын техникалық қадағалау	9
4.3.2 Инженерлік желілер және жүйелеріне техникалық қадағалау жүргізу	15
4.3.3 Ғимараттар мен имараттардың энергия тиімділігін арттыру бойынша шараларды сақтау үшін техникалық қадағалау	20
5 ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	22
А ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Ғимараттар мен имараттардың құрылысытық құрылымдарының жағдайына, күтімі мен жөндеуіне техникалық қадағалау жасау қызметінің құрылымы мен саны.....	27
Б ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Ғимараттарға, имараттарға техникалық қызмет көрсету бойынша негізгі жұмыстар түрінің тізімі	28
В ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Ғимараттар, имараттар элементтерінің бұзылған жерлерін жою мерзімдері	29
Г ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Ғимараттың құрылыс құрылымдары мен инженерлік жүйелерін тиімді пайдаланудың ең аз мерзімі	31
Д ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Ғимараттар мен имараттарға, құрылымдарға мамандандырылған тексеру жүргізу мерзімдері.....	40
Е ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Техникалық қорытынды	44
Ж ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Ғимараттардың, имараттардың техникалық жағдайын бақылау бойынша қорытындылардың үлгісі.....	52
Библиография.....	55

КІРІСПЕ

Әдістемелік құжат ғимараттар мен имараттардың, инженерлік желілер мен жүйелердің жағдайын, оларды пайдалану кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, техникалық қадағалау жүйесін ұйымдастыру және атқару қызметінің негізгі жағдайларынан тұрады.

Қазіргі заманғы жобалау және құрылыс технологияларын кеңінен еңгізу, қиын құрылымды шешімдер, жаңа материалдар, құрылымлар мен өнімдер қолдану, пайдаланылатын ғимараттар мен имараттарға жағымсыз техногендің әсерлердің дамуы, ғимараттар, имараттар жағдайын техникалық қадағалау жүйесіне жаңадан қызмет қояды, бұл қызметтер ғылыми техникалық прогресс негізінде шешілуі тиіс.

Әдістемелік құжат жақын және алыс шетелдерде қабылданған материалдарды сараптау негізінде және оларды «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес әзірленген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТЕХНИКАЛЫҚ
ҚАДАҒАЛАУ

ТЕХНИЧЕСКИЙ НАДЗОР ЗА СОСТОЯНИЕМ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ

Енгізілген күні **2015-07-01**

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы әдістемелік құжат ғимараттар мен имараттардың жағдайын техникалық қадағалау ережесі ғимараттар мен имараттардың жағдайына, олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында, техникалық қадағалауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы әдістемелік құжат заңды және жеке тұлғалар, сонымен бірге тапсырысшы қызметін атқара алатын ұйымдар, олардың жеке меншік және басқа да мүліктеріне қарамастан, жалға немесе қолдануға құқы бар ғимараттар мен имараттардың техникалық жағдайын қадағалау үшін басшылық етіп қолдануларына болады.

1.3 Әдістемелік құжат қолданыстағы ғимараттар мен имараттардың жағдайына барлық құрылыс құрылымдарымен, санитарлық-техникалық құрылғыларымен бірге техникалық қадағалауды, сонымен қатар су құбырын енгізу мен канализациялық шығарылымдарды (арғы қарай – құрылымдар және инженерлік құрылғылар), ғимаратқа тікелей жақын аумақты жобалауды, сондай-ақ зауыт ішіндегі кіріс темір жолдардың және көлік жолдарының, түрлі эстакадалардың, платформалардың, ашық қоймаларды және басқа да ғимараттардың жағдайын техникалық қадағалауды қарастырады.

1.4 Қазақстан Республикасы теміржолдарының жалпы торабына кіретін жалпы пайдаланылатын теміржолдарды және кіріс жолдарды, жалпы пайдаланылатын көлік жолдарын және оларға арналған ғимараттарды, көпірлерді, электрлік беріліс желілерін және байланыс ғимаратын, теңіз және өзен порты және кеме жүзетін ғимараттарды, қалалық су құбырлық-канализациялық ғимараттардың жылумен қамтамасыз ету және газбен қамтамасыз ету тораптары мен ғимараттарын пайдалану кезінде олардың жағдайына қарау үшін техникалық қадағалаудың салалық ережелерін басшылыққа алу керек.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы әдістемелік құжат қолдану үшін келесі нормативтік сілтемелік құжаттар керек:
Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30-мамырдағы №577 «Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» жарлығы;

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13-қаңтардағы № 541-IV «Энергияны қорғау және энергия тиімділігін көтеру туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16-шілдедегі №242-II «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметтер туралы» заңы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16-қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17-қарашадағы №1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3-наурыздағы №172 қаулысымен бекітілген «Бу және ыстық су құбыр өткізгіштерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6-наурыздағы №259 қаулысымен бекітілген «Газбен қамтамасыз ету жүйесінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2-наурыздағы №234 қаулысымен бекітілген «Желдету жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Ескертпе – Осы нормативті қолдану кезінде сілтеме жасалған құжаттарды жыл сайын жаңартылып отыратын «Қазақстан Республикасы шекарасында қызмет атқаратын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативті құқылы және нормативті-техникалық тізім», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сілтеу», «Қазақстан Республикасының мемлекет аралық нормативтік құжаттарға сілтеу» құжаттары бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда ұсынылған құрылыс нормасын қолданғанда ауыстырылған (өзгертілген) құжатты қолданған жөн. Егер сілтеме құжаты ауыстырылмай алынып тасталса, онда оған сілтеме берілген ереженің бөлігі ғана қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы әдістемелік құжат келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

3.1 Апаттық жағдай: Ғимараттың және имараттың бүтіндей, немесе құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайын, ақауларын және бұзылуларын сипаттайтын, көтергіш қабілеттілігін және қауіп-қатердің (шұғыл апатқа қарсы шараларды өткізу қажеттілігі) болуын дәлелдейтін категория.

3.2 Механикалық қауіпсіздік: Адам денсаулығы мен өміріне немесе мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктер өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін рұқсат етілмейтін ғимараттардың бұзылу жағдайы немесе ғимараттардың, имараттардың немесе олардың бөлшектерінің төзімділігінің жоғалуы.

3.3 Өрт қауіпсіздігі: Адамдарға, қоршаған ортаға және мүлікке өрттің қауіпті факторлары әсер еткен, өрттің дамуына мүмкіндігі бар ғимараттардың немесе имараттардың жағдайы.

3.4 Өнімдер мен үрдістердің қауіпсіздігі: Адамдар және жануарлар денсаулығына, мүлікке, қоршаған ортаға зиян немесе қауіп келтірмейтін құрылыс нысандарының және құрылыс өнімдерінің жағдайы.

3.5 Әсер:

– көтеру құрылымдарына ісер ететін (тура әсер), күштердің тобы (жүктемелердің);
– құрылым элементтерінде (негіздіктің тең емес деформациясынан, кен қазбалары ықпалы аудандарында және карсты аудандарда жер бетінің деформацияларынан, температураның өзгеруінен, құрылым материалының шөгүшілігінен және сырғушылығынан, сейсмикалық, жарылыстық, ылғалдылық және басқа ұқсас құбылыстардан) ішкі күштерді тудырушы құбылыс.

3.6 Қайта құру: Қолданыстағы құрылымдардың пайдалану сапасын жоғарылату, оларды бастапқы күйіндегі қалыпқа жеткізетіндей етіп жөндеу жұмыстарының шаралары.

3.7 Ақау: Белгіленген жобамен немесе нормативтік құжаттармен (ҚНЖЕ, МемСТ, ТШ, ҚН ж.т.б.) жекелеген құрылымдардың қандай да бір өлшемдерінің сәйкессіздігі.

3.8 Ғимараттың (имараттың) деформациясы: Жүктеме мен әсердің ықпалынан ғимарат немесе имараттың пішіні мен көлемінің өзгеруі, сондай-ақ орнықтылығын жоғалтуы (шөгу, жылысу, қисаю ж.т.с.с.).

3.9 Төзімділік: Ғимараттың (имараттың), құрылыс құрылымдарының немесе олардың бөлшектерінің және ішкі инженерлік жүйе элементтерінің физикалық және басқа да, яғни техникалық қызмет көрсету қызметінің есептік мерзімі кезіндегі дұрыс пайдалануын және жобалауын қамтамасыз ететін қасиеттерін сақтау қабілеті.

3.10 Ішкі жүйелер және инженерлік жүйелер: Ғимараттың (имараттың) бір бөлігі, ол сумен қамту, кәріз, жылыту, желдету және ауаны салқындату, қоқыстан тазалау, ішкі тасымалдау, байланыс, басқару және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған.

3.11 Бір орындағы инспекция және сынау: Ғимараттың (имараттың) нақты жобалық құрылымды бөлшектері мен материалдарының қасиеті арасындағы сәйкестікті бақылайтын тәртіп.

Бір орындағы инспекция және сынау келесі түрлерге бөлінеді:

– шектелген, бұл жағдайда нақты құрылымды бөлшектері мен материалдарының қасиеті арасындағы сәйкестік құрылыс сызбаларының қол жетімділігі, не шартты жобалау нәтижелері (инспекция мен сынауға кем дегенде элементтердің 20% тартылады) бойынша анықталса;

– кеңейтілген, бұл жағдайда бастапқы құрылыс сызбалары жоқ болады, ал құрылымдық бөлшектер мен материалдардың қасиеттері туралы мәліметтер инспекция мен сынау санына байланысты анықталады (инспекция мен сынауға кем дегенде элементтердің 50% тартылады);

– барлық көлемдік, бұл жағдайда бастапқы құрылыс сызбалары жоқ болады, сонымен қатар өте жоғары деңгейдегі мәліметтерді талап етеді (инспекция мен сынауға кем дегенде элементтердің 80% тартылады).

3.12 Тұрғын ғимаратты күрделі жөндеу: Ғимаратты қалпына келтіру мақсатында оның қорларын, қажет болғанда құрылымдық элементтерін және инженерлік жабдықтау жүйелерін ауыстырумен жөндеу, сонымен қатар пайдалану көрсеткіштерін жақсарту.

3.13 Техникалық жағдайдың категориясы: Құрылыс құрылымының немесе ғимараттың (имараттың) пайдалануға құрылымдардың көтеру қабілетінің төмендеуі мен пайдалану сипаттамалары арқылы қабылданған жарамдылық дәрежесі.

3.14 Көтеру құрылымдары: Жүктемелер мен әсерлерді қабылдайтын және ғимараттың және имараттың беріктігін, қаттылығын және орнықтылығын қамтамасыз етуші құрылыс құрылымдары.

3.15 Қоршағыш құрылымдар: Ғимараттар мен имараттардың ішкі келемдерді сыртқы ортадан немесе беріктік, жылу оқшаулау, гидрооқшаулау, бу оқшаулау, ауа өткізбеушілік, дыбыс оқшаулау, жарық мөлдірлі ж.т.б. жөніндегі нормативтік құжаттар ескеріліп өзара қоршауға арналған құрылыс құрылымдары.

3.16 Құрылыс құрылымдары: Құрылыс нысанындағы құрылыс материалдарынан, немесе өнімдерінен жасалатын тұрақты элементтер.

3.17 Техникалық жағдайды бақылау: Пайдалану кезінде құрылымдардың жұмыс қабілеттілігін қалпында сақтау үшін, олардың техникалық жағдайын қадағалау жүйесі.

3.18 Ғимараттарды (имараттарды) кешенді бақылау: Сараптау тексерістері нәтижелері арқылы құрылыс және пайдалану қауіпсіздігі бойынша техникалық шараларды және уақыт бойынша геотехникалық жүйенің беріктік және деформациялық сипаттамаларының өзгеру мүмкіндігін анықтау мақсатында өткізілетін геотехникалық жүйе ретінде нысанды ұзақ уақыт бойы бақылау.

3.19 Беріктік: Көтеру құрылымының немесе құрылым элементінің пайдалану жобалық мерзімінде қойылған талаптарға сәйкес болу қабілеттілігі. Беріктік ереже бойынша мүмкіндік шамалармен анықталынады.

Ескертпе - Беріктік көтеру қабілеттілікке, пайдалануға жарамдылық пен көтеру құрылымдардың төзімділігіне қосалқы ретінде таралады.

3.20 Ғимараттың, имараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету: Құрылыстық құрылымдардың апатын құрылымды жүйелі қараулар мен оларды тексеру жолымен ескеруді қамтамасыз ететін шаралар жүйесі.

3.21 Тексеру: Анықтайтын және бақыланатын өлшемдердің нақты мәндерін бағалау бойынша пайдалану жағдайын, нысандардың жарамдылығын және тексеру нысандарының жұмысқа қабілеттілігін және олардың пайдалану немесе қалпына келтіру және күшейту мүмкіншілігін сипаттайтын шаралардың кешені.

Ескертпе

– визуалды тексеру ғимараттың нақты геометриясы мен жеке элементтердің тандаулы геометриялық өлшемдері көрсетілген құрылыс сызбаларының арасындағы байланысты тексеру болып табылады;

– толық (бөлшектеп құралдармен) тексеру ғимараттың геометриясын сипаттайтын, сонымен бірге құрылымды жүйелердің тік және көлденең әсерлерге кедергі бола алатын құрылымды элементтерімен, олардың өлшемдерін анықтайтын құрылымды сызбаларды өндеу кезінде нәтижелі тексеру болып табылады.

3.22 Ғимарат және имаратпен қолданатын жауапты тұлға: Жеке немесе заңды тұлғалар (ғимараттар мен имараттардың иелері, тек пәтерлердің (бөлмелердің) иелері емес, өндірістік және азаматтық қолданысқа арналған нысандарды, сонымен қатар басқа да кондоминимум нысандарын басқаратын жеке немесе заңды тұлғалар), ғимараттар мен

имараттардың техникалық жағдайын, техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жұмыстарын қадағалайтын жауапты тұлғалар.

3.23 Ауытқу: Техникалық күйдің кез келген өлшемдерінен алынған нақты мәнінің нормалардан, жобалау құжаттамасының талаптарынан немесе талаптарынан немесе техникалық үрдісті қамтамасыз ету талаптарынан ауытқуы.

3.24 Техникалық жағдайды бағалау: Ғимараттардың және имараттардың бүтіндей немесе зақымдалу дәрежелерін құру және құрылыс құралымдарының техникалық жағдайларының категорияларын жобамен немесе нормативтік құжатпен белгіленген нақты мәндерді қою негізінде сандық мәндерін бағаланатын белгілермен салыстыру. Ол техникалық жағдайдың категориясы бойынша бағаланады:

– **жөнделетін** – көтеру қабілеттілігі мен пайдалануға жарамдылығының төмендеуіне әсер ететін ақаулар мен бұзылулардың болмауымен сипатталады;

– **жұмысқа қабілетті** – бақылау өлшемдерінің жоба талаптарына, нормалар мен стандарттарға сәйкес келмеуі, бірақ бұл талаптардың орындалмауы, ақаулар мен бұзылуларды ескерген жағдайда да, құрылымдардың жұмыс істеу және көтеру қабілеттілігін қамтамасыз етеді;

– **шектеулі бұзылған** (ақаулар мен бұзылулардың бар болуын сипаттайды, көтеру қабілеттіліктің аз ғана төмендеуіне әкеледі, бірақ құрылымдарды бақылау және пайдалану мерзімі жағдайын тексеруде кенеттен бұзылу қауіпі болмайды);

– **ауқымды бұзылған** (көтеру қабілеттілігі мен пайдалану сипаттамаларының төмендеуімен ерекшеленеді, ол жерде адамдардың болуына және жабдықтардың сақталуына қауіп болады, сондықтан да сақтандыру шаралары мен құрылғыларды күшейту жұмыстары жүргізілуі тиіс);

– **бұзылу шегінде тұрған** (бұзылулар мен деформациялар арқылы, көтеру қабілеттілігінің жоқтығымен және бұзылу қауіпімен сипатталады, сондықтанда бұл жерлерге тез арада сақтандыру шараларын өткізу керек).

3.25 Бұзылу: Пайдалану кезінде нормативтік құжаттар немесе жоба талаптарынан құрылымдар мен элементтердің сападан, пішіннен және өлшемдерден ауытқуы.

Ескертпе - Ғимараттар мен имараттардың бұзылуы техникалық жағдай қағидаттары бойынша анықталынады, яғни – бұзылу шегінде, ауқымды бұзылған, сонымен бірге шектеулі бұзылған.

3.26 Үйлер алдындағы алаң: Ғимаратты қоршаған алаң, ол ғимаратқа қызмет көрсету арналған және жер телімін қолдануға құқы бар актімен анықталған алаң.

3.27 Жөндеу: Құрылысты қалпында қалдыратын шаралардан шығып кету кезінде көтеру құрылымдарының функционалды қабілеттіліктерін қайта жаңғырту немесе сақтау бойынша шаралар.

3.28 Техникалық қадағалау қызметі: Ғимараттар мен имараттар жағдайына техникалық қадағалау жүргізетін арнайы бөлімше.

3.29 Имарат: Барлық салынатын және құрылыс жұмыстарының нәтижелері болып табылады.

Ескертпе - (ИСО 6707-1 анықтамасы бойынша) – бұл термин ғимарат, сонымен қатар инженерлік ғимарат ұғымына жатады. Бұл көтергіштік, көтергіштік емес құрылымдары және іргетасы бар аяқталаған құрылысқа жатады.

3.30 Арнайы ғылыми-зерттеулік (жобалық іздестіру) ұйым: Имараттар мен ғимараттардың беріктігі мен төзімділігін техникалық бақылау бойынша құрамында аттестациядан өткен сарапшылары бар және ғылыми техникалық базаға сәйкес орналасқан ұйым.

3.31 Тұрғын ғимараттарды ағымдағы жөндеу: Құрылымдарды және инженерлік жабдықтау жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқа қабілеттілігін), сонымен қатар пайдалану көрсеткіштерін қалпына келтіру мақсатында ғимараттарды жөндеу.

3.32 Техникалық бақылау: Ғимараттар мен имараттардың жағдайына олардың пайдалануға жарамдылығын сақтау мақсатында бақылау жүйесі.

3.33 Ғимараттарға техникалық қызмет көрсету: Қолданыстағы құрылыс нысандарына құрылыс құрылымдарының қауіпсіздігін сақтау үшін бағытталған пайдалану мерзімінде көрсетілетін жұмыстардың жиынтығы.

3.34 Мамандандырылған ұйым: Ғимараттар мен имараттардың техникалық жағдайына сараптама жасауды жүзеге асырушы және қызметтің осы түрімен айналысатын мемлекеттік ұйым (Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің құрылыс жұмыстары бойынша комитеті, қауіпті өндірістегі ғимараттарды техникалық қадағалау бойынша Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар Министрлігі).

3.35 Хабарлық кезеңі: Ғимараттар мен имараттарды құрылымды бағалау үшін тексеру кезінде алынған мәліметтер көлемі болып табылады.

Хабар кезеңін анықтайтын көрсеткіштерге (шектеулі, бір қалыпты және толық) жатады:

– геометрия, яғни құрылымдық жүйенің, сонымен бірге құрылымдық реакцияға әсер ететін құрылымдық емес элементтердің де геометриялық қасиеттері;

– бөлшектер, яғни арматураланған бетондағы салымдар бөлшектері мен көлемі, болат элементтерінің байланысы құрылымның тік кедергісі үшін жабынды жапсарларының бірігуі, тас қалау тігістерін ерітіндімен жабылуы, сонымен бірге тас қалаудағы арматураланған элементтер;

– материалдар, яғни қолданылатын материалдардың механикалық қасиеттері

3.36 Күшейту: Құрылыс құрылымдары мен ғимараттардың (имараттардың) нақты жағдайын немесе жобалық көрсеткіштерін салыстыру бойынша көтеру қабілеттілігін жоғарлату және пайдалану қасиеттерін қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы.

3.37 Ғимарат немесе имараттың құрылымдарының, элементтерінің, инженерлік жабдықтар жүйелерінің жалпы физикалық тозуы: Табиғи климаттық және техногендік әсерлер нәтижесінде ғимараттардың немесе имараттардың бастапқы техникалық пайдалану сапасының жоғалту дәрежесі. Ол анықталған уақыт үшін орнатылады.

3.38 Сарапшы: Арнайы үлгідегі аттестат–құжаты бар тұлға, бұл құжат сарапшы статусын растаушы және құрылыс саласындағы негізгі сараптау жұмыстар түрі мен инженерлік қызметтерді орындауға құқы беретін құжат болып табылады.

3.39 Ғимараттарды пайдалану көрсеткіштері: Ғимараттың пайдалану сапасына себепші болатын техникалық, көлемді - жоспарлық, санитарлық - гигиеналық, экономикалық және эстетикалық сипаттамалардың жиынтығы.

3.40 **Пайдалану:** Құрылыс нысанының өмір сүру этапы, ол нысанды бұрын орныққан қауіпсіздік кезеңіне және қызмет көрсетуіне байланысты қолдануына сәйкес қызметтерді қамтиды.

3.41 **Ғимараттың энергоаудиты (энергоаудит):** Энергетикалық қорларды тұтынудың экономикалық тиімділігін оңтайландыру мүмкіндігіне бағытталған техникалық, ұйымдық экономикалық және басқа да шаралардың өзара байланысқан кешені.

4 ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АТҚАРУ

4.1 Ғимараттар мен имараттардың жағдайын техникалық қадағалау жүйесінің мақсаты мен қызметі

4.1.1 Ғимараттар мен имараттарды пайдалану процесінде инженерлік-техникалық қызметкерлердің – техникалық қадағалау қызметінің тұрақты бақылауында болуға тиіс.

4.1.2 Техникалық қадағалау қызметінің негізгі мақсаты еңбек пен мекендеп тұрудың қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету үшін ғимараттар мен имараттарды техникалық пайдалану талаптарының орындалуына бақылау болып табылады.

4.1.3 Ғимараттар мен имараттардың жағдайын пайдалану үрдісі кезінде техникалық қадағалау жүйесі келесі жұмыстардан тұрады:

- ғимараттар мен имараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтары жағдайына техникалық қадағалау, ең бірінші – олардың қауіпсіздігі (механикалық, өрт, өнімдер мен процесстер);

- ғимараттар мен имараттардың энергия тиімділігін жоғарылату бойынша шараларын сақтау арқылы техникалық қадағалау;

- ғимараттар мен имараттардың қоршаған алаңын техникалық қадағалау.

4.1.4 Техникалық қадағалау қызметтерінің негізгі міндеттері:

- ғимараттар мен имараттардың тиісті техникалық жағдайын ағымдық және күрделі жөндеулер жүргізу арқылы имараттар мен ғимараттардың қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ету;

- ғимараттар мен имараттардың пайдалану сапасын сақтауға бағытталған шараларды жүзеге асыруды орындауды ұйымдастыру мен бақылау.

4.2 Ғимараттар мен имараттардың жағдайын техникалық қадағалауды ұйымдастыру

4.2.1 Техникалық қадағалау қызметі өз қызметін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметтер туралы» заңына, «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенттеріне, осы әдістемелік құжатына және техникалық қадағалау бойынша басқа нормативтік-техникалық құжаттамаға (салалықты

қоса алғанда) сәйкес, сондай-ақ ұйым бойынша оларды дамытуға шығарылған бұйрықтар мен өкімдерге сәйкес жүзеге асырады.

Ғимараттар мен имараттардың жағдайын техникалық қадағалау келесі жолмен іске асырылуы тиіс:

- пайдалануға енгізілген өндірістік ғимараттар мен имараттардың жөндеулі қалпына техникалық қадағалауды кәсіпорынның техникалық бөлімінің жанынан құрылған техникалық қадағалау қызметі жүзеге асырады, ол салынып жатқанын күрделі құрылыс басқармасында (бөлімінде);

- қолданыстағы тұрғын, азаматтық ғимараттардың жағдайына техникалық қадағалау жүргізетін ұйым (жекеменшік пәтер иелері, кооперативі ұйымның шаруашылық бөлімі жүзеге асырады);

- қауіпті өндіріс ғимараттарына, имараттарына техникалық қадағалауды уәкілетті орган (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі) жүзеге асырады.

4.2.2 Ғимараттар мен имараттардың жағдайына техникалық қадағалау мен бақылауға қатысушылардың: тапсырыс берушілердің, пайдаланушы ұйымның және уәкілетті органның арасындағы өзара әрекет (іс-қимыл) тәртібі, сондай-ақ тораптардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңдармен, нормативтік құжаттар талаптарымен, келісімшарттық қатынастармен анықталады.

4.2.3 Техникалық қадағалау қызметі құқықты:

- нысандардың техникалық жағдайын бақылауды жүзеге асыруға және сонымен қатар оны тексеру мен бағалауға қатысуға;

- ғимараттар мен имараттардың күрделі жөндеуін жүргізу үшін жобалау сметалық құжаттаманы және басқа техникалық құжаттаманы бақылауды жүзеге асыруға және қарауға қатысуға;

- күрделі жөндеу жүргізілген соң ғимараттар мен имараттардың пайдалануға қабылдауға қатысуға;

- бақылауды жүзеге асыруға және жасырын жұмыстарға, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттамада ескерілмеген жұмыстарға акті рәсімдеуге қатысуға;

- цех, телімдер бастықтарына және қарамағында ғимараттар, имараттар немесе жекелеген бөлмелер бар басқа жауапты тұлғаларға құрылыс құрылымдарын, ғимараттар мен имараттардың инженерлік тораптарын пайдалану мен күтіп ұстау бойынша нұсқаулар беруге;

- директордың және пайдалануға жауапты өзге тұлғалардың назарына комиссияның қорытындысы бойынша апатты жағдайдағы ғимараттар мен имараттардың пайдалануды тоқтату қажеттілігі туралы ақпаратты жазбаша түрде жеткізуге;

- жоғарыда көрсетілген объектілердің техникалық жағдайы мәселелерін қарау кезінде кәсіпорынды немесе ұйымды таныстыруға

- ұйым басшылығына техникалық жағдайына қарай объектілер бойынша күрделі жөндеу қаражатын бөлу жөнінде ұсыныстар беруге.

- осы әдістемелік құжатына сәйкес цехтар, бөлімдер, телімдер үшін нұсқаулар әзірлеуге, ғимараттар мен имараттардың құрылыс құрылымдарын, жабдықтарын, пайдалану ережелері бойынша, бұдан басқа, көрсетілген нұсқаулармен ғимараттар мен имараттарды тексеру жүйесі регламенттелуге, сондай-ақ жекелеген құрылымдар мен инженерлік жабдықтарды күту ережелері анықталуы тиіс.

Техникалық қадағалау қызметі қызметкерлерінің нұсқамасы міндетті болып табылады және ғимараттарды күту мен пайдалануға жауапты тұлғалар мен техникалық кеңес жүргізбестен (бас) немесе техникалық әкімшілік директоры бұза алмайды.

4.2.4 Техникалық қадағалау қызметінің мамандары уақытында анықталмаған мынадай кемшіліктер үшін жауап береді:

- ғимараттар мен имараттардың құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайы;
- ғимараттар мен имараттардың күрделі жөндеуі сапасыз жүргізілуі;
- орындалған жұмыстардың жасырын жұмыстарға жасалған актілерінде қате көрсетілуі;

Техникалық қадағалау қызметінің мамандары жіберілген қателіктер және олардың салдары үшін Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті көтерді.

4.2.5 Ғимараттар мен имараттардың құрылыстық құрылымдарының жағдайына, күтімі мен жөндеуіне техникалық қадағалау жасау қызметінің құрылымы мен саны қызмет көрсететін нысандардың ауданына А қосымшасында берілген мәліметтерге байланысты анықталынады.

4.3 Пайдалану үрдісі кезінде ғимараттар мен имараттардың жағдайын техникалық қадағалау

4.3.1 Құрылыс құрылымдары жағдайын техникалық қадағалау

4.3.1.1 Құрылыс құрылымдарының, ауыр жүк көтеретін крандардың металл құрылымдарының, ғимараттар мен имараттардың инженерлік жабдықтарының жағдайына техникалық қадағалауына жатады:

- негізгі құрылымдарды ағымдық тексерулер;
- жалпы мерзімдік тексерулер;
- кезектен тыс тексерулер;
- мамандандырылған тексерулер;
- кезектен тыс тексерулер, олар табиғи апаттан кейін (өрттер, дауылдар, жарылыстар, жауын-шашын және қардың көп болуы, сейсмикалық алаңдарда жердің сілкінуі ж.т.с.с.) арнайы комиссия арқылы өтеді;
- құрылыс құрылымдарын техникалық қадағалау және бақылау.

4.3.1.2 Құрылымдарды ағымдық, жалпы, мерзімді және кезектен тыс тексеруді жүргізу мерзімі және орындау тәртібін, тұрақты ұзақ бақылауды өткізу тәртібін нормативтік құжаттар белгілейді [1], [2].

4.3.1.3 Ғимараттар мен имараттар жағдайын күнделікті жүйелік тексеру кезінде құрылыс құрылымдарындағы ақауларды, бұзылуларды тауып, оларды тез арада жөндеу мақсатында барлық құрылыс құрылымдарын жалпы тексеруден өткізу керек.

4.3.1.4 Өндірістік ғимараттар мен имараттардың ағымдағы тексерулерін цехтағы қызметкерлер құрылыс құрылымдарын дұрыс пайдалануын бақылау мақсатында оң күнде бір рет өткізу керек.

Қатты агрессивті ортадағы және динамикалық жүк әсер ететін цехтарда барлық құрылыс құрылымдары мұқият тексерілулері тиіс.

Ауыр немесе өте ауыр жұмыс істейтін крандары бар ғимараттарда арқалықтар рельстерге дұрыс бекітілуін, кранасты құрылымдардың бекітілуін бөлшектеп тексеруден өткізу қажет.

4.3.1.5 Жалпы ағымдағы тексерулер мекеменің бас инженері бекіткен жоспар бойынша арнайы комиссиялар арқылы жылына екі рет – көктемде және күзде өтуі тиіс.

4.3.1.6 Көктемгі жалпы тексерулер қар етігенен кейін басталады, сол кезде ғимараттардың, имараттардың барлық сыртқы бөліктері және ғимарат алаңы тексеруге дайын болады. Бұл жағдайда қыста бұзылған жерлер айқын көріне бастайды.

Көктемгі тексерулер кезінде терезелерді, жаққыштардың, қорғандардың, есіктердің және де басқа осындай тәрізді құрылғылар механизмінің дұрыс жұмыс істеуін тексеру қажет, сонымен бірге суағарлар, жауын-шашын жинаушылар, төбелердің жағдайы қаралуы керек.

Көктемгі тексерулер мәліметтеріне сәйкес алдын-ала ағымда жөндеу жұмыстарын қажет ететін ғимараттар мен үймерттер тандалып, оларға дереу орындайтын шаралар тізімі құралады.

4.3.1.7 Күзгі тексерулерді ғимараттар мен имараттардың қысқа дайындығын тексеру үшін жүргізеді. Бұл уақытқа дейін барлық ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталуы тиіс.

4.3.1.8 Ғимараттар мен имараттардың көктемгі және күзгі тексерулерінің күнтізбелік мерзімдері климаттық жағдайға байланысты орнатылады.

4.3.1.9 Өртке қарсы құрылғыларының жағдайы мен өртке қарсы шаралардың орындалуын күнделікті бақылаулармен, ағымдағы және жалпы тексерулер үрдісі кезінде қадағалау керек.

4.3.1.10 Ғимараттар мен имараттарды кезектен тыс тексерулері апаттық жағдайдан кейін (жауын-шашын, дауылдарда, қардың көп болуында, су басқанда, өртте, жер сілкінісі ж.т.б.) жүргізіледі, сонымен қатар цехтар мен бу өткізгіш, май өткізгіш, булы мазут өткізгіш жүйелерінде, және басқа да инженерлік коммуникациялық жүйелерде (жер төленің, тоннельдердің су басуында, төбелердің, ауа жүйелерінің, суағар құбырлары, қоршаулардың ж.т.б. бұзылуларында), әсіресе адам өміріне қауіп келтіретін аландарда жүргізілді.

4.3.1.11 Ғимараттар, имараттар туралы барлық мәліметтер, яғни оның техникалық жағдайы, күнделікті және ағымдағы тексерулер, сонымен қатар ғимараттың қызмет көрсетудегі барлық жөндеу жұмыстары бойынша нәтижелер туралы мәліметтер пайдалану туралы куәлікте және техникалық журналда жазылуы тиіс.

Ғимараттың, имараттың құрылыс куәлігі болмаған жағдайда, оны құру үшін арнайы ұйымды шақырған жөн.

4.3.1.12 Ғимаратты пайдалану, өрт және жарылғыш қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы мен құрылыс құрылғыларының істен шығуы сияқты адамдар мен құрылыс құрылғыларының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайлар анықталған кезде, пайдалану қызметінің жауапты тұлғасы дереу мекеменің басшысына анықталған бұзылулар немесе ақауларға шаралар қолдануды айтуы тиіс.

4.3.1.13 Ғимаратты пайдалану және жөндеу бөлімшесі цех басшысымен бірігіп, апаттық құрылғыларды уақытша күшейтіп, оларға тіреулер, қоршаулар қою сияқты шаралар қолдануы керек.

4.3.1.14 Ғимараттар мен имараттардың көтеру құрылғыларынан көтеру қабілеттілігін төмендететін деформациялар табылса, онда оларды қайта қалпына келтіру жобалық сметтік құжаты бар құрылыс құрылғыларының жағдайы туралы қорытынды алу және техникалық тексеру жүргізу үшін арнайы аттестаты бар сарапшыларды шақыру қажет.

4.3.1.15 Құрылыс құрылғыларды, жүк көтергіш крандарды техникалық тексеру [1], [10] талаптарына сәйкес орындалуы тиіс [3], [10].

4.3.1.16 Ғимараттар мен имараттарға техникалық тексеру жүргізу мерзімдері Д қосымшасында берілген мерзімдерден аспауы керек.

4.3.1.17 Кезектен тыс тексерулерге жататындар:

- табиғи және техногенді сипаттағы адамдардың өліміне немесе өміріне қауіп төндіретін, олардың денсаулығына, қоршаған орта мен тұрмыс жағдайына, ауқымды материалдық шығынға және халықтың өмір сүру қабілеттілігіне зиян келтіретін (теракт, ірі өрттер, су басу, бұрқын жел, түсулер, қарқындылығы 6 және одан жоғары жер сілкінісі, басқа да табиғи катаклизмдер, сілкінісі 6 немесе одан да көп баллдан асатын жер сілкінісі) апаттық жағдайлардан кейінгі ғимараттардың көтергіштік және қоршағыш конструкциялары;

- пайдалану процесінде көтергіш құрылыстарында бірнеше рет жарық пайда болғаны байқалған крандар, аралық балкалардың аралық қалдық иілісінде шамасы 0,0035 жоғары аралық пайда болған кезде;

- сынау кезінде қалдық деформация туындағаны анықталған крандар.

4.3.1.18 1964 жылға дейін пайдалануға берілген жабынды болат құрылғылары ерекше жиі тексеруді қажет етеді, себебі, олар көрсетілген уақытта көп қолданылып, таралған, қайнаған болат фосфор мен күкірттің жоғарылауы нәтижесінде тез бұзылады.

4.3.1.19 Таулы жерасты өнімдері алынған қазылған алаңдарда, шөккіш топырақтарда және сейсмикаға әсері жоғары алаңдарда тұрғызылған ғимараттар мен имараттарға жалпы мониторинг орнатқан жөн.

4.3.1.20 Ғимараттар мен имараттар, құрылыс құрылғыларының техникалық жағдайының мониторингі имараттар мен ғимараттардың беріктігі мен төзімділігін техникалық бақылау бойынша арнайы сарапшы құжаты бар ұйымдардың күшімен жүргізілуі тиіс.

Мониторингі алдын-ала өңделген бағдарламаға сәйкес өткізген жөн, бұл бағдарламада жұмыстар түрінің тізімімен қатар нысанның техникалық жағдайы ескерілген бақылаулардың мерзімі мен жүйесі көрсетіледі, сонымен бірге мониторингтің жалпы ұзақтығы анықталынады. Ерекше ғимараттар мен имараттар үшін мониторингтің тұрақты режимі орнатылуы тиіс [18].

Мониторингі өткізу бағдарламасы Тапсырысшымен келісілуі тиіс.

4.3.1.21 Ғимараттар мен имараттар, құрылыс құрылғыларының техникалық жағдайының мониторингінің әрбір кезеңінде келесі жұмстар өткізілуі керек:

- нысанның ағымды динамикалық өлшемдерін анықтау және оларды алдыңғы деңгейде анықталған өлшемдермен салыстыру;

- нысан құрылымдарында бұрын анықталған ақаулар мен бұзылуының өзгеру дәрежесі және жанадан пайда болған ақаулар мен бұзылулар;

- деформацияларды, қисаюды, еңкеюді ж.т.с.с. ақауларға қайталау өлшеулер жүргізу және оларды алдыңғы кезеңде анықталған өлшемдермен салыстыру;

- осы мониторингте алынған мәліметтерді сараптау және нысанның ағымдағы техникалық жағдайына қорытынды жазу.

4.3.1.22 Жаңа ғимарат тұрғызылатын, техногенді әсерлерге шалдыққан немесе ашық әдіспен нысандарды қайта жөндеу аймағына түскен ғимараттар мен имараттардың техникалық жағдайының мониторингін жоспарлау кезінде әсер ететін аймақтың радиусы бойынша мәліметтерді, қосымша деформацияларды және басқа да көрсеткіштерді [4] сәйкес ескеру қажет.

Салынып жатқан ғимараттардың қадалы элементтерін орнату кезінде динамикалық әсерлердің қоршаған ғимараттар мен имараттарға әсер ететін аймағын бағалау үшін [5] талаптарын орындау керек.

4.3.1.23 Ғимараттар мен имараттардың техникалық жағдайының мониторингін жоспарлау кезінде нысан құрылысының барлық өндірістік цикл үрдісінен нысандағы деформация үрдісінің тоқталуына дейінгі геодезиялық-маркшейдерлік жұмыстары өткізілуі тиіс, сондай-ақ келісілген жобалық құжатқа сәйкес топырақты жыныстар қабаттары зерттелуі керек.

4.3.1.24 Негізде жыныстар қабатының геомеханикалық жағдайының өзгеруі бойынша мәліметтерді алу мақсатында, яғни қажетті алдын-алу және қорғау шараларын қазіргі заманға сай қабылдау үшін, жер беті және оның үстінде орналасқан нысандардың қозғалуын құралдар арқылы бақылау қажет.

Бақылауларды бастамас бұрын ғимараттардың, имараттардың техникалық жағдайын тексеру қажет, динамикалық өлшемдерді өлшеу және куәлік құру керек.

4.3.1.25 Жер бетінің қозғалуын, сонымен бірге жерастылық имараттар салынып жатқан аймаққа түсетін ғимараттар мен имараттардың деформациясын бақылау үшін реперлардың орның бұзылулар көрінетіндей етіп құралдармен өлшеп орнатқан және де жылжу мен деформацияға әсер ететін факторларды ескеріп анықтаған жөн.

4.3.1.26 Ғимараттар, имараттар негізінің деформациялануын бақылау [22] сәйкес жүргізілуі тиіс.

Іргетастар мен негіздер деформацияларының есептік мәндері бойынша мәліметтер болмаса, нысандар үшін тік және көлденең орын ауыстырулардың нақты өлшенген мәндерін қолдану рұқсат етіледі.

I – тасты және жартылай тасты топырақтарда тұрғызылған, пайдалануда 50 жылдан астам тұрғандар;

II – құмды, сазды және басқа да сығылғыш топырақтарда тұрғызылған;

III – себінді, шөккіш, торфталған және басқа да қатты нығыздалған топырақтарда тұрғызылған;

IV – жердегі имараттар.

4.3.1.27 Ғимараттың биіктігіне H сәйкес қисаюды өлшегендегі шекті қателіктер келесі мәндерден аспауы тиіс, мм:

- $0,0001H$ азаматтық нысандар үшін;

- $0,0005H$ өндірістік нысандар үшін;

- $0,00001H$ көліктер және агрегаттар астындағы іргетастар үшін.

4.3.1.28 Өлшеулер, есептеулер, геологиялық-маркшейдерлік құжаттар бойынша, жаңа құрылыс аймағына және табиғи техногенді әсерлерге түскен ғимараттар, имараттар жағдайы, жыныс қабаты геомеханикалық жағдайының өзгеруі, жағымсыз үрдістердің

дамуының жылдамдығы мен қауіпті дәрежесі сияқты қажетті мәліметтерден тұратын Қорытынды құрылуы керек.

4.3.1.29 Керемет ғимараттар мен имараттардың негізі мен құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайының мониторингі кезінде құрылым мен топырақта жүретін үрдістерге, негізбен құрылымның кернеулі деформацияланған күйіне жағымсыз әсер ететін өзгерістерге бақылау жүргізу, сонымен қатар жағымсыз үрдістерді жою бойынша шараларды өңдеу үшін қажетті мәліметтерді жинау керек.

4.3.1.30 Керемет ғимараттар мен имараттардың негізі мен құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайының мониторингі бойынша жұмыстардың құрамы өлшеулер жүргізу кезінде жекеленген бағдарламалармен ерекшеленеді, сонымен бірге нысанның және оның деформацияланған жағдайының техникалық шешімі көтеру құрылымдарының жағдайына байланысты сарапталады.

4.3.1.31 Керемет ғимараттар мен имараттардың негізі мен құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайына бақылау жүргізу үшін техникалық жағдайдың автоматтандырылған стационарлы жүйе мониторингін орнатқан жөн, ол қауіпті аймақтарды тауып, құрылымның кернеулі деформацияланған күйінің өзгеруін автоматты түрде анықтауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар ғимарат немесе имарат деңгейінің қисаюын, қажет болған жағдайда басқа да өлшемдерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ғимараттар мен имараттардың негізі мен құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайының автоматтандырылған стационарлы жүйе мониторингін іске қосу, құрылыс құрылымдарында пайда болған ақауларды және дағдарыс жағдайларды бағалау бойынша жиынды инженерлік есептеулерді жүргізу үшін алдын ала өңделген математикалық сұлбаны қолдану арқылы іске асырылуы керек.

4.3.1.32 Ғимараттар мен имараттардың негізі мен құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайының автоматтандырылған стационарлы жүйе мониторингінің көмегімен келесі жұмыстарды жүргізуге болады:

- жүргізілген өлшеулер нәтижелерін жиынды өңдеу жүргізу;
- құрылыс құрылымдарының әртүрлі өлшенген шамаларын шектеулі жіберілетін мәндермен салыстырып сараптау жүргізу;
- нысанды жұмыс істеу қабілеттілігінен шектеп немесе апаттық жағдайға әкелетін, құрылымның кернеулі деформацияланған күйінің жағымсыз өзгеру деңгейін анықтауға қажетті мәліметтерді көрсету.

4.3.1.33 Құрылымның кернеулі деформацияланған күйінің орның анықтаған кезде, құрылымның нақты техникалық жағдайын, оның кернеулі деформацияланған күйінің өзгеру себептерін анықтау және құрылымды қалпына келтіру немесе күшейту бойынша шаралар қолдану үшін осы орында бөлшектенген құралдармен тексерулер өткізілуі тиіс.

4.3.1.34 Бақылау жүйесін тандау кезінде мониторингті өткізу мақсатын, сонымен қатар үрдістердің өту жылдамдығы мен олардың уақыт бойынша өзгеруін, өлшеулердің ұзақтығын, қателіктерін, осыған орай қоршаған орта жағдайының өзгеруін, табиғи – техногенді сипаттағы әсерлерді ескеру қажет.

4.3.1.35 Ғимараттардың немесе имараттардың, құрылыс құрылымдарының ағымдағы техникалық жағдайы бойынша негізделіп дайындалған Қорытынды дайындау үшін мониторинг кезіндігі бақылаулар жүйесінің әдістемесі мен көлемі алынған мәліметтердің

дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз етуі керек.

4.3.1.36 Ұзақ бақылаулар және сыртқы жағдайлар өзгерген кезінде жағдайдың өзгеруі мен өлшеу құралдары үшін түзетулер (температуралық, ылғалдылық және сол сияқты) ескерілуін қамтамасыз ету керек [18].

4.3.1.37 Мониторингті өткізудің әр кезеңінде ғимараттың немесе имараттың ағымдағы техникалық жағдайы туралы және жақын уақытта оның жағдайына қысқаша болжаулар сияқты қорытынды дайындауға қажетті мәліметтер алынуы тиіс.

4.3.1.38 Ғимараттың немесе имараттың, құрылыс құрылымдарының нақты техникалық жағдайын анықтау үшін, сыртқы әсерлер бойынша техникалық жағдай категориясын бағалау мақсатында визуалды тексеру жолымен жүргізілетін жалпы мониторинг жүргізу керек.

Жалпы мониторинг кезінде ғимараттың, имараттың динамикалық шамаларын өлшеу және де нысанға куәлік құру қажет.

Мониторинг кезінде өзгерістер жағдайын бақылайтын ғимараттың немесе имараттың, құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайының категориясын орнату керек.

4.3.1.39 Қандай да бір мониторингтің кезеңінде ғимараттың, имараттың бұзылуына әкелетін құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайының нашарлауын көрсететін мәліметтер алынса, онда мониторинг өткізуші ұйым болған жағдайды тез арада аймақты басқару атқарушы органдарын, төтенше жағдайлар бойынша аймақтық органдарды хабардар етуі тиіс.

4.3.1.40 Ғимараттың, имараттың, құрылыс құрылымдарының, инженерлік жүйелер мен желілердің техникалық жағдайының жұмыс істеу қабілеттілігі мен жөнделуін бағалау нәтижелері анықталған болса, онда динамикалық шамаларды қайта өлшеу екі жылдан кейін өткізіледі.

Егер динамикалық шамаларды қайта өлшеу нәтижелерінің өзгеру 10% аспаса, онда келесі өлшеулерді тағы екі жылдан кейін өткізеді.

4.3.1.41 Егер бағалау нәтижелері арқылы бұзылу шегінде шектелген немесе ерекшеленген ақаулар анықталынса, сонымен бірге ғимараттың, имараттың өлшемдерін қайта динамикалық өлшеулерінің нәтижелерінің айырмашылығы 10% көп болса, онда нысан міндетті түрде жоспардан тыс тексерулерге тартылуы керек.

Мұндай нысандарға жалпы мониторинг жүргізген кезде нысандарды қайта қалпына келтіру немесе күшейту бойынша ғимараттарда, имараттарда және негіз топырағында өтетін үрдістерді және нысандарды қайта қалпына келтіру немесе күшейту сияқты жұмыстарының уақытында жүргізілуін бақылау қажет.

4.3.1.42 Ғимараттың немесе имараттың, құрылыс құрылымдарының техникалық жағдайының мониторингін өткізу түріне байланысты Орындаушы нәтижелер бойынша Ж қосымшасына сәйкес қорытынды құрайды.

4.3.1.43 Керемет ғимараттар мен имараттар үшін аймақты басқару атқарушы органдары, мемлекеттік құрылысты қадағалау органдарына тиесілі немесе нысанның жеке иесіне табиғи және техногенді сипаттағы апаттық әсерлердің пайда болуы мүмкіндігіне байланысты нысанға жалпы мониторинг жүргізуді жүктейді.

4.3.2 Инженерлік желілер және жүйелеріне техникалық қадағалау жүргізу

4.3.2.1 Ғимараттардың, имараттардың ішкі инженерлік желілері мен жүйелерін (арғы қарай – инженерлік құрылғылар) техникалық қадағалау ғимараттың нақты жағдайын анықтайды, ақауларды, бұзылуларды табады, физикалық тозылуды бағалайды, тексеру және техникалық тексерулер үрдісінде жобадан ауытқу шамаларын анықтайды.

Инженерлік құрылғылардың техникалық жағдайын бағалау [3] анықталған инженерлік құрылғылар мен элементтердің нормативтік қызмет көрсету мерзімін ескеру арқылы жүреді [2].

4.3.2.2 Инженерлік құрылғылардың физикалық тозуын [6] талаптарына сәйкес анықтайды.

4.3.2.3 Қызмет көрсету мерзімі аяқталған инженерлік құрылғылардың, эскалатор мен лифттердің, темір құрылғылы крандардың техникалық жағдайын [7], [8], [9] талаптарына сәйкес анықтайды.

4.3.2.4 Жылу, ыстық және суық сумен қамтамасыз ететін жүйелер жағдайын техникалық қадағалау кезінде құбыр өткізгіштері мен жылыту құрылғыларының даттану жағдайына баға берілуі тиіс. Даттану жағдайын темір қабырғасының даттану тереңдігіне байланысты бағалау керек және ескі құбырлардың даттану шөгінділерімен жаңа құбырды салыстыру қажет.

4.3.2.5 Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесі жағдайын техникалық қадағалау «Бу және ыстық су құбыр өткізгіштерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті және [12] талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс, сонымен қатар келесі жұмыстар ескеріледі:

- жүйені сипаттау (жүйенің түрі, құбыр өткізгіштердің жүру схемасы);
- ғимараттағы немесе имараттардағы циркуляциялы сорушыларды, бақылау өлшеу құралдарын, реттеуші салымдарды тексеру;
- құбыр өткізгіштерін, олардың қатайған және ақауланған жерлерін тексеру (темірдегі тесіктерді, құбыр өткізгіштері жалғанған орындарды, жөндеу эздерін ж.т.с.с.).
Сонымен қатар құралды өлшеулер жүргізілуі тиіс:
- магистральға түсетін кері құбыр өткізгіштеріндегі суды температурасын бақылау (ғимараттың жылу орнында);
- су ағарлардағы судың температурасы (суды жылыту II сатысындағы шығынқыда немесе ғимаратқа беруде);
- циркуляцияланған судың температурасы (циркуляциялы тіректердің аяқ жағында);
- су ағар шүмектеріндегі аққан судың температурасы (жылу беру орындарынан алыстаған бақылау бөлмелері мен тірек бөлмелерінде);
- орамал құрғататын беттің температурасы (жылу беру орындарынан алыстаған бақылау бөлмелері мен тірек бөлмелерінде);
- су ағар шүмектеріндегі бос ағың (жылу беру орындарынан алыстаған бақылау бөлмелері мен тірек бөлмелерінде);
- магистральға түсетін құбыр өткізгіштерінің еңісі (жертөле мен өкіл-бөлмелерде).

4.3.2.6 Жылу жүйесі жағдайына техникалық қадағалау жүргізу кезінде келесі жұмыстар артқарылу тиіс [12] талаптарына сәйкес:

- жүйені сипаттау (жүйе түрі – орталықтанған, жергілікті, бір құбырлы, екі құбырлы, түсетін және кері магистраль өтісінің схемасы ж.т.б.);

- жылыту құралдарының түрі мен маркасын анықтау;
- жүйенің ең жауапты элементтерін тексеру (сорғыштар, магистральды салымдар, бақылау өлшеу аппараттары, автоматтанған құралдар);
- құбыр өткізгіштерін, жылыту құралдарын, реттеуші салымдарды тексеру;
- жобадан жүйенің ауытқуларын анықтау;
- ақаулар мен бұзылуларды табу (құбыр өткізгіштерінің, тіректердің, жылыту құралдарының, реттеуші салымдарды ж.т.б. құрылқылардың даттану және тесіктену жерлерін анықтау);

Осыған орай құралдармен өлшеулер жүргізу керек:

- сыртқы ауаның температурасы (ғимарат салынған ауданда);
- жылу жүйесі құбыр өткізгішіне түсетін судың температурасы (жылу өткізгіш түйінінде немесе су ағар, суды жылыту құрылғыларындағы жылу орындарда);
- жылу тізбегіндегі кері құбыр өткізгіштердегі судың температурасы (жылу өткізгіш түйінінде немесе жылу орындарда);
- жылу жүйесі құбыр өткізгіштердегі судың температурасы (жылу өткізгіш түйінінде немесе су ағар, суды жылыту құрылғыларындағы жылу орындарда);
- жылу жүйесі кері құбыр өткізгіштердегі судың температурасы (жылу өткізгіш түйінінде немесе жылу орындарда);
- астыңғы және үстінгі негіздегі жылыту тіректері бетінің температурасы (барлық тіректерде);
- жылыту құрылғылар бетінің температурасы (өкіл - бөлмелерде);
- жылыту құрылғыларына түсетін ағыстар бетінің (өкіл - бөлмелерде);
- жылыту бөлмелеріндегі ауаның температурасы (өкіл - бөлмелерде);
- құбыр өткізгіштерінің еңісі;
- жылу жүйесі кері құбыр өткізгіштердегі қысым (жылу өткізгіш түйінінде немесе жылу орындарда).

4.3.2.7 Суық сумен қамтамасыз ету жүйесі жағдайына техникалық қадағалау жүргізу [11] талаптарына сәйкес және келесі жұмыстардың орындалуымен сипатталады:

- жүйені сипаттау (шеткі, сақиналы), ол ғимаратқа суды өткізу, суды өлшеуші түйінді, араластырғыш торларды, санитарлы құралдарға түсетін су ағар жүйесін, реттеуші салымдарды сипаттайды;
- ақауларды және ғимаратқа судың өтуін тексеру (әркелкі шөгулер әсерінен болат және шойын құбыр өткізгіштері майысып, дәнекерленген түйісулері бұзылады);
